

Quite a lot of scientists worked hard in order to find out the reasons of alternation of vowel sounds. G.I. Ramstadt, M. Ryasyanen, N. A. Baskakov, E.V. Sevortyan, D.G. Kiekbayev, A. M. Chsherbak put forward the supposition that alternation of vowels in the first syllable possibly depends on the influence of combinatory, positional distribution of surrounding consonants or as they consider it depends on the influence of vowels placed in subsequent syllables (affixes). A. Gaben, N.A. Baskakov, E.V. Sevortyan, N.G. Egorov, A.I. Yapharov explain the matter from another viewpoint; they say that vowels underwent changes due to various spontaneous alterations that's why they turned into labial or unlabial, open or narrow, backlingual or forelingual vowels. N.A. Baskakov, E.V. Sevortyan, A.M. Chsherbak, G.I. Ubryatova express the idea that synharmonic variants in Turkic languages appeared possibly because of mixture of different dialects. M.L. Cherkasskiy gives the following opinion about synharmonic variants and parallels. Turkic languages had polysynthetic structure before they turned to be agglutinative in ancient altaic epoch. According to the polysynthetic structure separate words are joined into complexity which is submitted to the law of synharmonism.

Conclusion. Vowels are harmonised not only by their hard, soft, labial features but also by open, narrow features. On account of vowels having carried no phonological load their pronunciation depended on consonants. Because of this qualitative alteration of vowel sounds have arisen. Therefore synharmonic variants and parallels produce the relic remained in the process of evolutionary development of Turkic language structure [2, 54].

References:

- 1 *Ancient turkic dictionary. Leningrad, 1969, 657 p.*
- 2 *Cherkasskiy M.A. Turkic vocalism and synharmonism. Historical typological research experiment. Moscow, 1965, 142 p.*
- 3 *Dialectological Dictionary. Almaty, 2007, 800 p.*
- 4 *Kenesbayev I., Musabayev G. Contemporary Kazakh Almaty, 2010, 300 p.*
- 5 *Kiekbayev D.G. About vowel alteration in the Bashkirian language. Research Notes of Bashkirian State Pedagogical Institute, VIII, philog. series 2, Ufa, 1956, pp.221-229.*
- 6 *Mollova M.K. To the History of Turkic Vocalism. Issues of Linguistics, 1966 № 2, pp. 56-65*
- 7 *The structure of Kazakh language. Almaty, 1991, 123 p.*

References:

1. Drevnetürkski slovä. Leningrad, [*Ancient turkic dictionary*]1969, 657 s.
2. Cherkasski M. A. Türkski vokalizm i singlarmonizm. Istoriko-tipologicheski issledovatelski eksperiment. [*Turkic vocalism and synharmonism. Historical typological research experiment*]Moskva, 1965, 142 s.
3. Dialektologicheski slovä. [*Dialectological Dictionary*] Almaty, 2007, 800 s.
4. Kenesbaev I., Musabaev G. Sovremenniy kazahski Almaty, [*Contemporary Kazakh Almaty*]2010, 300 s.
5. Kiekbayev D. G. Ob izmenenii glasnyh v bashkirskom iazyke. [*About vowel alteration in the Bashkirian language.*] Nauchnye zapiski Baskirskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo instituta, VIII, filog. seria 2, Ufa, 1956, s. 221-229.
6. Mollova M. K. K istorii türkskogo vokalizma. [*To the History of Turkic Vocalism. Issues of Linguistics*] Voprosy iazykoznanania, 1966 № 2, s. 56-65
7. Struktura kazahskogo iazyka. Almaty, [*The structure of Kazakh language*]1991, 123 s.

МРНТИ 17.82.31

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.62>

Саметова Ж. Ш.¹

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ НЕОРЕАЛИСТІК (МАГИЯЛЫҚ)
КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕРДЕГІ АҒЫМДАР**

Аңдатпа

Көркем сөз кестесімен өрілген әдеби шығармалардың бейнелілігі мен дәлдігін, ұлттық тілдің сұлу айшықтарын жан-жақты танытуда түрлі әдіс пен тәсілдерді қолдану тиімді болып отыр. Соңғы кездері әдебиеттану ғылымының әр саласы бойынша дәстүрлі зерттеулермен қатар әдебиетті жаңа әдіс-тәсілдер, технологиялар арқылы талдау да кең өріс алуда. Осыған орай осы мақала қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдардың жаңа мәселесіне арналады. Яғни, қазіргі әдеби процессті жаңаша бағытта зерттеуге көңіл бөлінбегендігі және бүгінгі әдебиеттің ағымдық жүйесінде көкейкесті мәселеге айналып отыр. Көркем әдебиет үнемі өзгеріс пен қозғалыстағы ұғым болғандықтан, оны зерттеп-зерделеудің әдістемелері де күн өткен сайын жаңарып отырмақ. Сондай-ақ осы

мақалада жаңа дәуір прозасының қалыптасуы мен кемелдену жолын көркемдік ізденістер мен ағымдармен байланыстыра қарастырдық.

Түйін сөздер: қазақ прозасы, реализм, неореализм, магиялық реализм

Sametova Zh.¹

¹*Kazakh national pedagogical University named after Abai
Almaty, Kazakhstan*

NEOREALISTIC (MAGICAL) CURRENTS OF ARTISTIC SEARCH IN MODERN KAZAKH PROSE

Abstract

Effectively use different techniques to Express the imagery and accuracy of literary works, intertwined with artistic rhetoric, the beauty of the national language. In recent years, along with traditional research in various fields of literary criticism, literature analysis using new methods and technologies has been gaining momentum. In this regard, this article is devoted to a new issue of artistic pursuits and trends in modern Kazakh prose. In other words, no attention is paid to the study of the modern literary process in a new way and it becomes an urgent problem in the modern system of literature. Since fiction is a constantly changing and moving concept, the methods of its study are updated every day. Also in this article, we have considered the path of formation and improvement of modern prose, linking it with artistic searches and trends.

Keywords: Kazakh prose, realism, neorealism, magic realism

Саметова Ж. Ш.¹

¹*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

НЕОРЕАЛИСТИЧЕСКИЕ (МАГИЧЕСКИЕ) ТЕЧЕНИЯ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ПОИСКОВ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ

Аннотация

Эффективно использовать разные приемы для выражения образности и точности литературных произведений, переплетающихся с художественной риторикой, красотой национального языка. В последние годы, наряду с традиционными исследованиями в различных областях литературной критики, набирает обороты анализ литературы с использованием новых методов и технологий. В связи с этим данная статья посвящена новому вопросу о художественных занятиях и тенденциях современной казахской прозы. То есть, не уделяется внимание изучению современного литературного процесса по-новому и становится актуальной проблемой в современной системе литературы. Поскольку художественная литература – понятие постоянно меняющееся и движущееся, то и методики ее изучения обновляются с каждым днем. Также в данной статье мы рассмотрели путь становления и совершенствования прозы нового времени, связав его с художественными поисками и течениями.

Ключевые слова: казахская проза, реализм, неореализм, магический реализм

Кіріспе. Реализм – өмір шындығы. Тіршілік бар жерде шындық бар. Өмір болған соң әділетсіздік пен шындық қатар жүреді. Бірақ оны қаз-қалпында ашып айтуға мүмкіндік бола бермейді. Сондықтан реалистік шығармалардың өзі көңілдегі күйініш пен қоғамдық өмірдің көлеңкелі тұстарын астарды ишарамен, жұмбақтай айтуға мәжбүр болады. «Әдеби ағымдардың бәрінде де өмір шындығы бар екендігі мойындалмайды. Осыған орай «реализм» дегеніміздің өзі алабөтен алпауыт, өзгелері «былжыраған» бірдене деген ой тұмауы керек. Автор ойын қалай ашып жеткізбесін, өз кезеңінің реалистік шындығын өзіндік таңдауымен береді. Бастапқыда қандай бір стиль ойлап тауып өзгелерден оқшауланамын деп ойламайды. Сол кезеңдегі қоғамның саяси ахуалын жеткізудегі ізденісі соған жетелейді. Оған Мағжан поэзиясы мысал. Ол әу баста символист боламын деп ойлаған жоқ. Шындықтың бетіне тура қарауға мүмкін болмаған соң, қазақтың ойын оятар тәсіл іздеді. Қазір ол қазақ әдебиетіндегі символизм стилі болып бағаланып отыр» [1, 76.]- деп жазады өзінің «Қазақ әдебиетіндегі модернизм» атты еңбегінде ғалым Б.Қанарбаева. Бұдан байқалатыны шындықты айтуға болмайтын кезеңде әдебиет пен өнерде «ағымдар» болып түрленіп отырады. Түрлі әдеби ағымдар аталып жүрген «измдер» өмір шындығымен қатарласа дами бермек. Бірінсіз бірінің күні жоқ. Осыдан келіп ағымдардың қандай түрі болмасын көркем әдеби стиль екендігі мойындалады. Әдеби стильдердің мол болуы, суреткерлерді ой тоқырауынан ғана шығармайды қоғамға демократиялық еркіндік те береді. Сол арқылы заман тынысын біліп отыруға мүмкіндік жасайды. «жазушы қай қоғамда өмір сүрмесін, сол қоғамның мән-мазмұнын түсіндіріп бере алмаса, ол жазушы емес» деген екен Вольтер. Ендеше түрлі әдеби ағымдарды пайдалану сол қоғамның барлық қатпарларын, өмір шындығын ашып жазуға жағдай жасайды. Реализмде шек жоқ, ол әлем әдебиетінің барлық түрлеріне ортақ. Бәрінің ішінде өмір шындығы бар. Мәселе, автордың соны қалай, қандай тәсілмен жеткізе білгендігінде.

Талқылау. Осы орайда қазақ әдебиетінің мәңгілік тақырыбы “перілік пен пенделіктің”, “періштелік пен сайтандықтың” басын аша зерделейтін кез туды. Ең бастысы... Қазақ қаламгерінің Жын-Шайтанмен күресуін қолдау

керек пе, әлде оның әдеби барлығын білмегенсіп, түйеқұстай кеңестік дәуірдің теориялық ойларына басымызды тығып алып, ат-тонды ала қашу керек пе?! Осындайда осы бір әдеби құбылыстың сөз етілмеуі француздық әдебиет теоретигі А. Компаньонның “Французда теориялық ойдың болмағаны ма?!” деген ащы күйінуін ойға оралтады. Кезінде тағы бір француз философы Бодлер өзінің “Қайыршыны төмпештендер” еңбегінде “Бейбақ Сократтың Жын-Шайтаны – тыйым салдырушы. Менікі керісінше – ұлық бекемдеуші; өйткені, ол не іс-әрекеттің не болмаса қиян кескі күрестің Жын-Шайтаны” деп жазған болатын. Тап осы жағдайды өз мәтіндері арқылы қазақ қаламгерлері бізге сездіргісі келеді. Оны елемеу, көзге ілмеу кеңестік дәуірдегі таптауырынды сын мен марксистік теорияның жалына жабысып алып, әдеби зерттеулерде “жаңа сын”, “поэтика”, “структурализм”, “семиология”, “нарратологияны” қолданбау опа бермейтіні анық. Міне, осылар өз зерттеушілерін тапса, қазақ ғылымының бағы жанар еді де, заманалық әдебиетіміз сан алуан бояуымен оқырман қауымға жарқырай таныла түсер еді.

Магиялық реализм – XX ғасырдағы жаңа әдеби құбылыс. Бұл терминді Батыс әдебиеттануда ең алғаш неміс өнер тарихшысы Франц Рох өзінің 1925 жылы шыққан «Постэкспрессионизм. Магиялық реализм. Жаңа Еуропа бейнелеу өнерінің проблемалары» атты еңбегінде суретшілердің жаңа толқынының көркемдік әдісі ретінде қолданды. Араға екі жыл салып, аталған еңбекті ішін ара испан философы Х. Ортега-и-Гассет испан тіліне аударды да, кеңістіктегі өмірге ұқсасымды «магиялықпен» араластырған магреализм әлем прозасына өзінің бар екендігін танытты. Ресей зерттеушілері ұлттық магреализмдерінің бастау көзінде Н. В. Гоголь туындылары, атап айтсақ, «Портрет», «Нева даңғылы» (1835), «Мұрын» (1836) сынды шығармалардан басталады десе, біз магиялық реализм қазақ әдебиетінде қисса-дастандар мен М.Көпейұлы туындыларынан бастау алады деп нық сеніммен айта аламыз. Ал, ұлттық магреализмді прозада қалыптастырған Адам Мекебаев болды.

Қазіргі таңда түркі әдеби әлемін, оның ішінде қазақ прозасына зор ықпал етіп отырған Латын Америкасы әдебиетіндегі «Магиялық реализмнің» тарихына көз жүгіртер болсақ, оның негізін 1949 жылы кубалық жазушылар Алехо Карпентьера-и-Вальмонт «Жер қағанаты» хикаяты және Мигель Анхель Астуриас «Жүгері адамдары» атты романын жазу арқылы салды. Өткен ғасырдың ортасында өмірге келген бұл жаңа әдеби ағымға әлем әдебиеттанушылары бірден ден қойды. Алехо Карпентьер өз туындысы бойында суреттелген реалдылық ғажайыптық элементтерімен астасатынын ұғынып, «ғажайып реалдылық» (исп. «lo real maravilloso») терминін қолданды.

Қазақ әдебиетінде ескі аңыздары қайта жандандыра отырып көркем игеру, мифтік сюжеттерді көркем сюжетке айналдыру тарихы XIX ғасырдан басталады. XX ғасырдың алғашқы ширегінде аңыздарды көркем құралдар арқылы игеру дәстүрін қалыптастырған М.Жұмабаев, С.Сейфуллин шығармашылығында поэмалық сюжет жасаудың үлгілері түрінде көрінді. Ұлттық прозадағы бұл орайдағы Ғ.Мүсіреповтің сәтті бастамалары («Ер Қаптағай», «Жеңілген эсрафил» тәрізді әңгімелері) мифологиялық ойлаудың, мифологиялық мәтіндерге, кейіпкерлерге иек артудың мысалдары ретінде көзге түседі. Біз қарастырып отырған кезеңдегі проза ертедегі және классикалық аңыздарды көркем шығарма құрылымына батыл енгізе отырып, оларды трансформациялау, тилизациялау арқылы жаңаша мән үстеуге деген ізденістерімен айрықшалаанады. Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, О.Бөкей, Т.Нқрмағанбетов, С.Жүнісов, Д.Досжанов, Р.Сейсенбаев, Ә.Тарази тағы басқа жазушылардың шығармашылығындағы мифопоэтикалық форманың өріс алуы әдебиеттанушылардың назарын соңғы кездере ерекше баурап келе жатқаны рас. Қазақ прозасында айқындала көрінген бұл құбылысты архетип категориясы тұрғысынан талдаған А.Исмақова: «Миф поэтикасы қазіргі әлемді ауқымды уақыттық мүмкіндіктер арқылы бейнелеулерімен байытып, қолданыстағы мәдени метафоралар мен ассоциациялар қорын кеңейтеді. Өз мағыналарын бұрын да танытып үлгерген поэтикалық формулалардың (архетиптердің) «қайта тірілуі» байқалады», - деген пікірді алдыға тартса [2, с.381-382], мифологизмнің нақты бір жазушы (О.Бөкей) поэтикасы арқылы зерделеген Ж.Аймұхамбетова «Қазіргі қазақ ақын-жазушылары авторлық позициясын танытуда, шығарманың идеясын ашып, көркемдік айшықтарын бедерлей түсуде мифтік сюжеттерді, мифологиялық түсініктерді, оның ішінде мифтік құбылушылықты мақсатты түрде пайдаланып, шығармашылықпен дамыта қолданғанын байқауға болады», - деген тұжырымын ұсынады [3, 126 б.]. Кейінгі зерттеулерде мифопоэтиканың «реминесценциялар, мотивтер, сюжеттер, тәмсіл сөздер, аллюзиялар» формаларындағы нақты көріністерін саралау қолға алына бастады.

Фольклорлық мұралардан нәр алып, қазақ әдебиетінің классиктері қалыптастыра алған мифологиялық ойлау жүйесі із-түссіз жоғалып кеткен жоқ. Ол дәстүр 1970-80 жылдар позасында жаңа мән иеленіп, реалистік принциптер аясынан табыла бермейтін сипат алды. Енді аңыздық желілер, мифологиялық кестелер тарихи-реалды уақытқа негізделген түрде ғана емес шығарма логикасынан шет тұра да беретін автономдық сананың қайта жаңғыруы ғана емес, түрленуі кейпінде көрініс тапты. Мифологизмді енді қазақ жазушылар болмыс жұмбақтары мен өмірдің мәнісі туралы философиялық ой айтудың тәсілі тұрғысынан өрістетті. Бір сөзбен айтқанда, неомифологизм құбылысы аталмыш кезеңнің магиялық реализм сипатын толықтыра түскен тәуелсіз әдеби ағымдардың біріне айналды.

Әлемдік әдебиетте мифтің, мифтік сарынның басқа сюжеттік-образдық формаларына, оның ішінде әдебиетке мифологияланған жарқын образдар бере алғандығын, ол желінің Эсхилдің «Орестеясынан», Булгаковтың «Мастер и маргаритасына» дейін тартылып, әлі үзілмегендігін айтатын Н.Будур мен И.Панкеевтердің: «Миф, өзіндік құндылық ретінде, толық қалыптасқан жүйе ретінде өмір сүруін жалғастырып қана қоймай, толыса түсу және басқа құрылымдарды байыта түсу арқылы өмір сүру кеңістігін ұлғайтып келе жатыр»[4, 26] - дегеніне келісеміз. Қазақ прозасының аса айқын түрде көрінген «мифологиялану» үдерісі туынды құрылымы мен бейнелеу, баяндау сипаттарына ірі өзгерістер ала келгенін өзіміздің ғалымдар да айта бастады. Зерттеуші А.Жақсылықов Р.Сейсенбаевтың шығармашылығын талдай отырып айтқан: «Шайтанның тағы» романындағы мифтің, аңыздың

рухани энергиясын пайдалану арқылы адамды психологиялық ракурсте терең ашу – соңғы он жылдағы әдеби техника мен поэтиканың белгілі стильдік тенденцияларынан хабар береді, - деген ойы да осы өзгерістердің жекеліктен гөрі жалпылық сипат алғандығын танудан туындағаны анық [5, 3]. Ә.Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры», «Күй», «Ханша-дария хикаясы», О.Бөкейдің «Айпара-ана», «Жасын», «Құм мінезі», «Сайтан көпір», «Қар қызы», «Жетім бота», Р.Сейсенбаевтің «Шайтанның тағы», «Өлілер құмды кезіп жүр», С.Санбаевтың «Ақ Аруана», Т.Әбдіковтің «Тозақ оттары жымындайды», М.Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз», «Ғажайып бала» т.б. туындыларында мифологиялық жүйелер мен магиялық құрылымдар арқылы адамзаттың мәңгілік рухани құндылықтары турасында философиялық жинақтаулар жасалып отырады.

Зерттеу. Қазақ әдебиеті әлемдік модернизм тәжірибесін өз бойына сіңіре отырып, сонымен бір мезетте беймодернистік (немодернистік) «реалды абсурдты» өмірге әкелді. Реалдылық пен фантастикалық астасқан «магиялық реализме» қаламгерлерімізге өзіндік мифтуындыгерлігін (мифотворчества) жасауына мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде қазіргі қазақ әдеби прозасында «экзистенциалды-реалистік» синтезден тұратын туындылар өмірге келді. Қазақ магиялық реализмі жанр ретінде өз бойына нақты тарихи дәуір мен абстрактті-мифологиялықты біріктіретін тәмсілден тұрады.

Магиялық реализмнің элементтеріне төмендегідей белгілерді жатқызуға болады:

- фантастикалық элементтер ішкі қайшылықсыз болуы мүмкін, бірақ ешқашан түсіндірілмейді;
- кейіпкерлер магиялық элементтің қисынын (логикасын) сөзсіз қабылдайды;
- көптеген тек қана сезім арқылы қабылданатын бөліктері болады;
- символдар мен бейнелер жиі қолданылады;
- адамның сезімі мен құмарлығы жан-жақты (егжей-тегжейіне дейін) сипатталады;
- уақыт ағымы бұрмаланады, сондықтан ол цикліді немесе жоқ сияқты. Тағы бір тәсіл ретінде коллапс қолданылады, яғни осы шақ өткенді қайталайды немесе еске түсіреді;
- себеп пен салдар орын ауыстырады, мысалы, кейіпкер қайғылы оқиғаға дейін азаптанады, күйзеліске түседі;
- фольклор немесе аңыз әңгімелерінің элементтері кездеседі;
- жағдай баламалы көзқарастар тұрғысынан ұсынылады, яғни баяндаушының дауысы үшінші жақтан біріншіге ауысады, жалпы қарым-қатынас және естеліктер туралы түрлі кейіпкерлер пікірлерінің және ішкі монологтың бір-біріне ауысуы жиі кездеседі;
- өткен қазіргімен, астральды физикалықпен, кейіпкерлер бір-бірімен қарама-қайшылықта болады;
- шығарманың ашық финалы оқырманға өз бетінше ненің шынайы және дүниенің қалыбына сәйкес келетінін анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл тарихи тақырыпты бүгінгімен ұштастырушы қазақ магиялық реализміне де тән.

Біз магиялық проза жанрының готикалық романмен ұқсастығы мен айырмашылығының түп төркінін ашып алуымыз керек. Тақырыпнамасы (тематикасы) мен философия «әлемдік жауыздықтан» тұратын готикалық роман – «үрей мен құпия» романы батысеуропа мен америка әдебиетінде XVIII екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында танымалдыққа ие болып, өзіне тән ерек жағдаятты, жұмбақтылықты, түнек-тұмақтылықты суреттеді. Сюжеттері құдайдан безген жан жасайтын құпиялық қылмысқа құрылды».

Магиялық реализм адамның жүйкесіне салмақ түсіріп, оқырманның бар зейінін өзіне аударады. Енді осы құпиялық пен тылсымдықты арқау еткен қазақ магиялық реализмінің басты жанрлық ерекшеліктеріне тоқталсақ.

Басты идея мен сюжет – ұлт немесе жеке адамының өлімі. Бұл өлім о дүниеде орын алуы ықтимал. Қаһарман мен персонаждар ерек қабілетке ие болып келеді. Немесе өзге әлемнің өкілі болып табылуы мүмкін. Қосар әлемділік арқылы қаламгер қазақ тұрмысын танытуға талпыныс жасайды. Әрі авторларымыз түркі бағзы мифтері мен мұсылман әпсаналарын осы мақсатта оқырманға түсінікті болу үшін мистикалық бағдарда ұсынады. Тарихилық ауаны қорқынышқа оранып реалдылықпен таныттылады. Автор өзі де, оқырманы да, кейіпкері де бүгінгі өмір сұрқын үрейленген күй кешеді. Осы қорқыныш пен үрейге толы күй кешіру автордың шеберлігіне байланысты.

Талдау. Шартты-метафоралық мистикалық прозаға ден қойып жүрген XXI ғасыр жазушыларынан Т.Кеңесбаев, Д.Рамазан сияқты қаламгерлерді жатқызамыз. Олардың сюжеттеріндегі шарттылық бүгінгі күнгі алаш тірлігін түрлі қырынан алып көрсетеді. Архаикалық көне кезең, о дүниедегі болуы мүмкін жағдаят бүгінгімен салыстырылып пернелеп берледі немесе таза қазіргі қазақ кезеңі символдандырылып ұсынылады. Сол себепті мистика арқау болған шартты-метафоралық прозалық мәтіндердің жанрын анықтау оңай дүние емес. Онда тәмсіл, кейбірде сатира мен әулие-әмбиелердің ғұмыры алмасып кетеді. Антиутопия орын алады.

Сондай-ақ бұндай туындылар айырықша хронотопқа ие. Мысалы мистика араласқан Д.Рамазанның «Жан» әңгімесі турасында тап осыны айтуға болады.

Бұрын латын елдерінің әдебиеті Батыстың шәкірті саналып келсе, магиялық реализм арқылы латиноамерикалық авторлар өткен ғасырдың 50-70 жылдары әлем әдебиетіне соны жанрды өмірге әкелді. Бұл туындылар бұған дейінгі ешбір прозалық туындыларға ұқсамайтын. Орыс тілінде шыққан аударма туындалар арқылы осы шығармалармен таныс болған қазақ прозаиктері осы стильдік-дербес бағытқа тек еліміз егемендік алған соң ғана бірыңғай ден қоя алды.

Осы ағымды ұстанған қаламгерлеріміздің өмірді қабылдауы мен дүниетанымы христиандық еуропа дүниетанымнан мүлдем өзгешеленеді. Жеке бастық бастау көзді авторларымыз саналы түрде тұншықтырып, бірінші кезекте бас кейіпкерлері ұжымдық сананың өкіліне айналады. Бір кейіпкердің образы арқылы кейде тұтас бір әулеттің, кейде тұтас халықтың портреті сомдалады. Біз бұны Дидахмет Әшімханұлының «Тасқала» және «Жынды жел» әңгімесінен танып біле аламыз. Батыстық үрдісте канонданған кез келген әдеби бағыт пен ағымның ығына

басы бүтін жығылмай, авторлық образ аясында Дидахмет Әшімханұлы «Жынды жел» әңгімесімен өз қаламгерлік концепциясын сыртқа жаяды.

Тәуелсіздік жылдар прозасына келетін болсақ, бұл бағытта жазылған көрнекті қаламгер Т.Нұрмағанбетовтің «Кене» әңгімесін мысал етуімізге болады. Әдебиет сыншысы Амангелді Кеңшілікұлы Тынымбай Нұрмағанбетовтің «Кене» әңгімесін мистикалық шығармаға жатқыза отырып, мұны соңғы жылдардағы қазақ прозасының үлкен табысы деп айтсақ, та артық емес. «Кене» әңгімесінде жазушы Т.Нұрмағанбетов реализм мен мистиканы араластырып жіберіп, әлем әдебиетінде өзіндік мектебін қалыптастырған жазушы Франц Кафканың өзімен іштей бәсекеге түсіпті [6, 1166.].

Тап осындай бағытта жазылған қазақ магиялық реализм өкілдерінің туындылары бай фольклорлық дәстүрі бар, өзіндік дүниетанымға ие, бірақ, қазіргі таңда бабалар ғұрпынан, салт-дәстүрінен ажыраған қазақ қоғамын қиял-ғажайыптық және фантастикалықты өзек ете отырып суреттейді. Өркениеттер мен өзге дағды-әдеттің қазақ бойын жайлап алуы қазақ әдеби прозасында «магиялық реализм» ағымының өмірге келуге түрткі болды.

Магиялық реализм туындыларындағы бас қаһармандардың рациональдық саналылыққа дейінгі жадысы реалды және әдеттегі заттардың мәртебесіне түрлі түрлі магиялық пен фантастикалықты үстейді. Тап осы реалдылық пен фантастикалықтың қоспасы арқылы қазақ прозашылары алаш мәдениетін әлемге танытудың көркемдік амал-тәсілін таба алды.

Бұл көркемдік әдістерге: әр эпизодтық көріністің айтып болмастығы (сұмдық оқиға бұрынғыдай жұрттың бәрі тағатсыздана күткен кезде емес, қайта оқырман мен қаһарман өз сақтығын жоғалтқан шақта орын алады); шығарма бойында не болып не қойып жатқанын түсінбеу (бұл ерек құбылыстың қайдан келгенін ұғынбай, онымен қалай күресудің жолын білмей, көмекті қайдан күтуді білмей дал болушылық); құпиялық пен жұмбақтылық (шындық өмірде ақылға қонымсыз болса да, мәтін бойынан оқырман ұғына алатын шынайлық); күтпеген сюжет өрілімінің басқа бағытқа өрістеуі мен аяқ астынан туындайтын не авторлық не оқырмандық шешім шығару; туындыдағы оқиғалар мен қаһармандар образындағы мистикалыққа қарамай шындық өмірмен қисындылық жатады.

Қазіргі қазақ прозашылары ұлт өміріндегі қоғамдық-әлеуметтік өзгерістердегі әлеуметтік-саяси келеңсіздіктерді нақты шындық пен шартты шындықта беруде көркемдік әдіс ретінде реализмді түрленге қолданып жүр. Біз қарастырып отырған магиялық реализм постмодермен қатар қазіргі ұлттық әдеби процесте қаламгерлерімізге мүлтіксіз қызмет етіп келеді дей аламыз.

Қазақ магиялық реализм әдебиетінде орыс отаршылдығының бізге қалдырған мұрасы «адасқан қоғам, алжасқан ұлт» тақырыбы туындап, оның бодандықтың санаға салған ізін, ұлт жадында қалдырған сарқытын прозаик қаламгерлер бір көркемдік бағыт аясында (гиперреализм) алуан әдеби бағдармен және әдеби ағыммен түрлі қырынан ірі, орта және шағын прозалық жанрларда оқырманға ұсынуда.

Дендеп алған бодандық болмысты жоққа шығару, өмірді терістеу және орысшыл парасат құдіретін керек етпеуге үндеушілік қазіргі заман прозасындағы магиялық идеалдылықтың басты ерекшелігі мен негізгі нышан белгісі болып табылады. Қазақ магиялық прозасындағы шағын әңгіме жанрындағы Әділбек Ыбырайымұлының «Бейсауат кісісі» тап осындай романаға жүк болған тақырыпты арқалаған туынды.

Қазір қаламгерлеріміз өз туындыларында дәйексөзді сүйіп қолданады. Бұл эпиграф түрінде таза реалистік туындыларда сиректеу көрініс берсе, гиперреалистік қазақ прозасында және постреалистік ұлт прозасында кең қолданыс табады. «Бейсауат кісі» әңгімесі де «Әкең қартаймай құлға жарымайсың» деген дәйекшелі халық мақалымен басталады.

Әділбек әңгімесінің құндылығы автор оқырманын бодандық санадағы әкемен бостан санадағы баланың арасындағы арбасушы интеллектуалдық бет шайысудың әлегіне түсіріп қояды. Осы ұлттың саяси-әлеуметтік күн тәртібіндегі мәселеге Әділбек мистикалық ғажайыпты қолдану арқылы жауап іздеуге талпыныс жасайды да, өзінің елден еректенетін қаһарманы Қиясбаев Жолдыбайды өмірге әкеледі.

Бәріміздің «Абай жолы» арқылы білетін шындық өмірдегі Қиясбай барша қазаққа мәлім тарихи тұлға. Әділбек осы қазақи қиясбайшылық оң жолды емес, батысшыл теріс жолды ұстанушы қиясбайшылықпен идеялық күреске түскенін кейіпкеріне ат таңдау арқылы 1932 мен 1958 жылдардың ащы шындығын оқырманына астарлай ұғындырады.

1932-2013 жылдар аралығындағы қазақ өмірін барынша терең беруде қаламгер өзінің жеке бастық толқуын кейіпкерінің өзіндік психологиялық әрі-сәрілігімен ұштастырған әңгіме кіріспесі былай басталады:

«...Қайшалысқан көліктер. Жол жиегімен үздік-создық шұбырған адамдар. Әйнектері сәулеге шағылысқан зәулім үйлер.

Бұл өз көзіне өзі нанбай жан-жағына аңтарыла қарады. Әрі-беріден соң басы айналды. Тамылжыған жаймашуақ күн тынысын тарылтатындай.

Басында шәпкі, үстінде сұр күздік пальто. Мойнына асып алған «ФЭД» фотоапараты бар. Ары-бері өткініштер бұған тіпті көңіл де аудармады. Тек өзі ғана ештеменің мәнісін түсіне алмай абдыраған халде төңірегіне шырқ айнала көз тігеді. Әлдене ұғынса бұйырмасын. Жұрттың бәрі жеңіл, ашық-шашық киінген. Жүздерінде күлкі болғанымен мейірмандық білдіріп, іш тартпайды. Біреуі қасына таянсашы. Жоқ, ондай ишара байқалмады.

Енді бір таң қалғаны әнеу жігіт жападан-жалғыз келе жатып даурыға сөйлеп, жырқ-жырқ күледі. Міне, жанына да таянды.

– Прошу прощения, подскажите как пройти на улицу «Целинников»?

Қызыл шортылы, шолақ жең әлгі бейтаныс сол қалпы мұны ерен көрмей жанынан өтті де кетті. Мойын да бұрмады. Өзімен өзі сөйлесіп барады.

Бұл оның соңынан аңтарыла қарады. Қайран. «Киім киістері қалай? Мыналарға не болған?» Сонда ғана барып бұл өз үстіне үңілді. Пальто, жемпір... Жан-жағына сезіктене көз тастады. Өне, топтанған 7-8 оқушы балалар келе жатты. Бір қызығы бұл түсіне қоймайтын қазақша сөйлейді. Орысша сөз сирек естілетіндей... әлде естілмейді...»

Келтірген мысалымыздағы кеңестік дәуір мұрасы «ФЭД» фотоаппараты автор қалауына орай жинақтап, өмірлік пайымдауын жасауына септесіп тұр. Әділбек осы түйіндеуінде бір жағынан өмір шынайылығын, екінші жағынан образға енген заттық ұғымды ескіліктің сарқыншағы деп эстетикалық тұрғыдан айқындайды.

Қаламгердің осындай өзіндік сөз қолданыстарын оны шығармашылық тұлға ретінде түсіну үшін, Әділбектің символдарының әмбебаптығын айыра білуіміз қажет. Осы әмбебаптықты «ФЭД», «Цилинников» сынды символ образды сөздер ұқтыра алады.

Ойымыз тиянақты болу үшін әңгімеден мына үзіндіні оқып көрелік:

– Улицу «Цилинников» спрашиваете? – деп, бұның өзіне сауал қойды.

– Да.

– Ондай көше бар ма өзі? – деді әлгі баланың желкесінен біреуі қазақша.

– Жоқ! – деп өрекіпіді өзгелері.

– Бұл кісі басқа жақтан келген ғой...

Мыналардың шүлдірін түсінбеді.

Осы кезде бұрыштан шыққан жол-патрульдік полициясы жандарына таяна берді.

Бакылауыш базада отырған оператор күмәнді нысанның әрекетін бейне камерадан аңдап, жүлгедегі кезекшілерге ақпарат түсірген еді.

– Азамат!

Жанарында сауалы мол жігіт ту сыртынан естілген дыбысқа үйелменімен бұрылды. Қарсы алдынан фуражканы адамды көрді.

– Жол-патрульдік полициясы лейтенант Сыдықов! – Аузынан бұрын қолы маңдайына ербең етіп тиді.

Балалар тырқ-тырқ күліп, өз жөндерімен тартты.

– Қай жақтан келіп едіңіз, баратын адресіңізге жете алмай тұрсыз ба? – Кәсіби дағдымен бейтаныстың үсті-басына барлай қарады. Жаз айындағы ұсқыны мен ескі үлгідегі киім киісі еріксіз көз тартты. Қазір ешкім қолданбайтын мойнына ілген антикварлық фотоаппарат күлкі шақырды.

– Я вас не совсем понимаю.

Мұндай жай көпшілік арасында жиі ұшырасатындықтан полиция еш қиналмай орысшаға көшті.

– Алыстан келдіңіз бе?

– Осында тұрам. – Үні сенімсіз шықты.

– Тұратын жеріңіз?

– «Тыңшылар» көшесі...

– «Тыңшылар» көшесі дейсіз бе? – Полицияның жадына ондай атау оралмады. – Құжатыңыз бар ма?

– Қазір... – Төс қалтасынан қып-қызыл куәлік шығарды.

Лейтенант қолына алған құжатқа бір, оны ұсынған иесінің жүзіне бір көз жүгіртіп өтті. Құжатта «комсомол билеті» деп жазылған. Билік өкілі мұндай куәлікті бірінші рет көріп тұр. Тек көне кинолардан байқағаны бар. «Қиясбаев Жолдыбай, бүкілодақтық комсомолдар қатарына 1950 жылы қабылданды».

«Комсомол билеті» – белгілі бір дәуірдегі Марксизм мен Ленинизм идеясына сенген, әлі де одан айнымай келе жатқан Қазақстандағы «кеңес адамдары» әлеуметтік тобын таңбалайтын «Символикалық форма».

Қазақ соцреализмі мен гиперреализмінде фантастикалық емес, фантастика тәсілін қолданушылық әрқилы болып келеді.

Жан Поль Рихтер «кереметті қолданудың» екі түрлі тәсілін атап көрсетеді. Біріншісі – материалдық, екіншісі – оған қарсы фантастикалық. Осы екі әдіс егемен еліміздің азат әдебиетіндегі прозалық туындыларда жиі ұшырасады. Біз осыны Ә.Ыбырайымұлының өзіміз талдап отырған әңгімесінде қалай қолданғанын туындының жанрлық табиғатын, композициялық бітімін сөз еткенде жоғарыда үзінді арқылы біршама тоқталып кеттік.

КСРО кезінде ұлтсызданған «совет адамы» қалыптасты. Осы дүниетанымдағы өз ұлтымыздан шыққан жандар әлі де өз ортамызда жүргені жасырын емес. Автор жат дүниетанымдағыларға идеялық соққы беру үшін мистикаға әдейілеп барып отыр. «Бөгде» характерге, ділге, мәдениетке қатысты сауал адамзатты оның барша тарихында толғандырумен келеді. Оған әлемнің түрлі елдерінің фольклор мен әдебиетінен көптеген мысалдарды жолықтырамыз. Қазіргі әдеби процестегі «өзге мен өздің» арасындағы шарпысуды, арбасу мен арпалысты «Бейсауат кісі» туындысы бойынша танып біле аламыз.

Әділбек Ыбырайымұлының әңгімесіндегі айқындаушы нышан-белгісі: қым-қуат шарпысқан психологизм. Адам жанын ұғынудың өзіндік кілтін іздеген қаламгер «ақиқат іздеуші» ретінде оны ұлттық философиядан, қазақи дүниетаным шеңберінен, сезімдік-түйсіктік аядан қарастырып қиялымен шарқ ұрады. Осы арадан келіп, «ғұламаньң қасіреті» мен «қайырымсыз адамзат» ұғымдары қазақ прозасында этноцентризм рухында христиандық батыстық, шығыстық мұсылмандық әдеби ұстанымдармен үндеседі. Осылайша қазақ прозасы әлемдік прозаның құрамдас бір бөлшегі ретінде жоғарғы деңгейдегі әлеуметтік, имандылық және эстетикалық аңсарға толы («ақылдың азабы»),

«рухани қаталау», «төңкерісшіл арзулы») жеке әдеби әлем болып табылады. Ұлтсызданған Валя апай-Бағыла мен Женя-Жолдыбай трагедиясы оқырманды бей-жай қалдырмайды.

«– Арада болмашы үнсіздік орнады. Валя апай сөзін қайта сабақтады. – Женя қызық адам болатын. Ол кезде оның сөздері ақылға қонбайтын. Болашақты көремін дейтін. Бүр күні оған әлденәрсе әсер етті, содан өзгерді. Газеттерге, радиоға жаза бастады. Және жойдасыз, көңілге сыймайтын әңгімелерді айтатын.

Дулат пен Сыдықов Валя апайдың үйінен біраз жайтқа қанығып шықты. Одан кейін Жолдыбайды іздеу жан-жақты жалғасты. Сол әңгіменің желісі дәрігерді мемлекеттік дыбыс архивіне алып келді. Қаптаған сөрелерден 1958 жылғы материалдар жиналған қатарға жіті назар аударылды. Ақырында бір ұштығы табылды. Ескі ұнтаспасында Жолдыбай есімді азаматтың сұхбаты сақталыпты. «Сәлеметсіздер ме, құрметті радио тыңдаушылар! Бүгін бізде қонақта облыстық пионерлер үйі жанындағы үйірменің жетекшісі, өнертапқыш Қиясбаев Жолдыбай, – деп басталады диктор әйелдің үні. – Ол болашақтың техникасы мен технологиясы жөніндегі өзінің тамаша жобаларымен бөліскелі келіп отыр. Байсалды үнді ер кісі тыңдармандармен сәлемдесті. «Таяу болашақта, 40-50 жылдың төңірегінде ғалымдардың ізденісімен біздің өміріміз адам сенбестей өзгереді. Жасанды жүректер қолданысқа енгізіледі. Тамақ әзірлеу жылдам және оңайға түседі. Телефон сымсыз тұтқаға айналады. Тек қана ол емес адамның қызуын, қан тобы мен қысымын кішкентай түтікшені денеге тигізу арқылы анықтайтын боламыз.

Дулат дереу Валя апайға телефон соқты.

– Біз сіз айтқан сұхбаттарды ұнтаспадан таптық, тыңдап көресіз бе? Мүмкін Женяның дауысын танырсыз».

Осы дербес ұлттық жеке әдеби әлемде бір жазушы түркілік дәрегейге, бір жазушы әлемдік жалпыадамзаттық дәрежеге қол жеткізуге өз тарапынан шығармашылық талпыныс жасайды. Ұлттық прозалық томаға-тұйық нөқтаны үзуге талпынған Әділбек әңгімесінде осы екі сипат та бар.

Осы екі сипат мына полистильдіктен танылады:

«– Азаматтардың жеке басын тіркеу, сондай-ақ, құқық қорғау органдарындағы деректер 1932 жылы туған Қиясбаев Жолдыбай деген адамның болғанын растайды. Бірақ ол 1958 жылы емес, 1978 жылы із-түзсіз кеткендердің қатарында. Оның жоғалғандығына қатысты құжат пен жеке суреті бар. Әлгі суреттегі кісінің өңіне қарағанда егделу адам. Сіздің көрсеткен суретте – жас жігіт.

– Мұны қалай түсінуге болады? – деді дәрігер.

– Ресми іздеу салынған суреттегі адамның жасы 46-да. – Полиция аңтарыла дәрігерге мойын бұрды. – Ол жөніндегі бағыттамада «Жолдыбай өзімен бірге «ФЭД» фотоаппаратын алып сыртқа шыққан, содан қайтып оралмаған» деген сөздер бар.

– Қызық. Жолдыбайдың өзі де дәл осылай айтты. Бірақ, ол 1958 жыл...»

Әңгімеде фантастика элементтерінің араласуы, мистиканың ұшырасуы қаламгердің қалам күдіретімен оның әрін ашады. Әрі автор астарлы оймен өзге тілді, өзге ділді қандастарымыз: кеңестік-ресейлік «орыс әлемінің» бір бөлшегі ретінде жүрген «Бейсауат кісілер» деген авторлық үкім шығарып, қаламгерлік кесік айтады.

Әділбектің аталған шығармасында ұлттық прозадағы дәстүрлі ділмәрлықтың орнын фантастика элементтерін кірістіріп, жасырын мистиканың ұшырасуымен алмастыруы құптайтын қадам. Қазіргі қазақ әңгімесінің тұрапты мен бітімінің өзгеріске түскенін осы туындыны оқу барысында аңғарамыз.

Көбіне Латын әдебиеті жазушыларына тән, жапон әдебиетінде Муракамидің қолтанбасынан көрінетін магиялық реализм қазіргі жас қаламгерлеріміздің шығармаларынан да орын алуда. Солардың бірі «Ханшайым» атты жинақтың авторы Алмаз Мырзахмет.

Аталмыш жинағына енген «Жазушының жазбасы» әңгімесі шығармашылықпен арнайы айналыспақ болған қаламгердің күнделігін баяндайды. Жазушының үйдің ішінде отырып, көрген елесінің бәрі, ойлағаны ойы да оның жазылған шығармасы. Оны жас қаламгердің баяндауы сездіреді. Бір оқығанда шын өмірі ме, әлде басқа бір әлем бе деп қалғаныңызбен, жазушы жазбасына кіріккен тұсын ажыратын да осы екі орта. «Өрт» әңгімесінде он алты жасқа келсе де, мектеп табылдырығын аттамаған Еркебұланның психологиялық жағдайы айтылады. Жылда мектепке апарғанда оны қабылдамайтын. Анасы болса, «сен ешкімнен кем емессің» деп өсіреді. Анасы кем емессің десе, Рая апайы неге мектепке алмайды? Осыны түсіне алмаған Еркебұлан түн ортасында Рая апайдың қорасын өртейді. Өзі соған мастанып, рахат сезім кешеді. Өз өзімен сөйлесіп, аспандағы, жердегі жаратылыстардың бәріне сыр шертеді.

Өз ойыммен қиял әлеміне еркін көз жіберетін Еркебұланға алты жасында Егінбайдың баласы мысықтың марғауын сыйлаған. Бір күні шешесі пеш жағып, сыртқа шығып кетеді. Сөйтсе марғау пештің түбіне кіріп, ұйықтап жатқан екен. Оны байқамаған анасы, құрғақ отын әкеп, отты тұтатып жібереді. Марғаудың даусы мен жүннің иісі үйдің ішін алып кетеді. Еркебұлан содан бері осындай күйге түскен. Полицияға ұсталғанда да, тергеуде болған да да жөнді жауап бермейді. Бұл өз ісі ме, әлде тапсырма ма деп сұралғанда: «Қораны айналып періштелер қорғап жүрді. Ақ мата жамылған... Басы жоқ... Қорасының маңында...» деп қайталаудан тоқтамайды. Еркебұланды жындыханаға апаруды бұйырады. Кімді кінәлайсыз? Марғауды абайсызда өртеп жіберген анасын ба, мектепке алмай қойған Рая апайды ма? Әлде марғауды сыйлаған Егінбайдың баласын ба? Ешкімді. Бұл адам тағдыры. Осындай мысықтың қарғысы деген түсінікті Алмаз жақсы пайдаланған. Мұндай қазақы аңыздар өте көп қой. Осы «Өрт» секілді аңыз бен бүгінгі күнді параллель беру арқылы, аңызды айтып отырған секілді боп, бірақ бүгінгі күннің бейнесін жасауға Алмаздың қалам қуаты шебер шыңдалған.

Осы орайда қазақ әдебиетінің мәңгілік тақырыбы “перілік пен пенделіктің”, “періштелік пен сайтандықтың” басын аша зерделейтін кез туды. Ең бастысы... Қазақ қаламгерінің Жын-Шайтанмен күресуін қолдау керек пе, әлде оның әдеби барлығын білмегенсіп, түйекұстай кеңестік дәуірдің теориялық ойларына басымызды тығып алып, ат-

тонды ала қашу керек пе?! Осындайда осы бір әдеби құбылыстың сөз етілмеуі француздық әдебиет теоретигі А. Компаньонның “Французда теориялық ойдың болмағаны ма?!” деген ащы күйінуін ойға оралтады. Кезінде тағы бір француз философы Бодлер өзінің “Қайыршыны төмпештендер” еңбегінде “Бейбақ Сократтың Жын-Шайтаны – тыйым салдырушы. Менікі керісінше – ұлық бекемдеуші; өйткені, ол не іс-әрекеттің не болмаса қиян кескі күрестің Жын-Шайтаны” деп жазған болатын. Тап осы жағдайды өз мәтіндері арқылы қазақ қаламгерлері бізге сездіргісі келеді. Оны елемеу, көзге ілмеу кеңестік дәуірдегі таптауырынды сын мен марксистік теорияның жалына жабысып алып, әдеби зерттеулерде “жаңа сын”, “поэтика”, “структурализм”, “семиология”, “нарратологияны” қолданбау оша бермейтіні анық. Міне, осылар өз зерттеушілерін тапса, қазақ ғылымының бағы жанар еді де, заманалық әдебиетіміз сан алуан бояуымен оқырман қауымға жарқырай таныла түсер еді. Қазақ әдебиеті майданында қаламгерлеріміз тарапынан батыл эксперименттер мен қиян-кескі реформалар жүріп жатыр. Әр эксперименттің басында, әр реформаның артында оқырманға өздерін танытқан әдебиет дүрлері тұр. Бір нәрсе айқын – «Әдебиетте ешкім бірінші емес». Солай десек те, постмодерндік сезімталдықпен магиялық және сюрреалистік реализмде өзін танытқан жаңашыл қаламгерлеріміздің бірі – Думан Рамазан. Бізге бұл пікірді оның «Жан», «Жын», «Пері мен пенде» сынды шығармалары айтқызып отыр. Автор екі түрлі хронотоптық кестелеуді қолданады. “Жан” әңгімесі “Өлілер мен тірілер әлемі арасындағы паралельге” құрылса, “Жында” “Реалды және бейреалды әлем арасындағы паралель” көркемдік шарттылық түзеді. Автордың көркемдік деңгейі жоғары болған сайын оның туындысы сюжетінің қайталанбастығы мен дербестігі айшықтала көзге ұрып тұрады. Міне, сондай сюжетінің қайталанбастығы мен дербестігі айшықтала көзге ұрып тұратын Думан Рамазан әңгімелерінің бірі – “Жан”. Қазақ әдебиетінде алаш діни-философиялық дүниетанымындағы түрлі мифтік құбыжықтар формулаға айналып отыр. Біз осы бір әдеби формулалықты көптеген ұлт авторларының шығармашылығында молынан ұшырататын болдық. Думан Рамазан “Жан” әңгімесінде бас кейіпкері Жұлдызжанның көмегімен әңгімелеуші архетиптер арқылы бізді ұлттық мәдени тақырыптармен, алашқа ғана тән стеротиптермен, әрі символдармен табыстырады. Формула дегеніміз – Думан әңгімесінің тіні болатын белгілі бір ұлттық арнайы штамптана синтезденген комбинация, әрі алаштық архетиптердің әңгімелеуші формада көрініс беруі. Ұлттық діни-философиялық түсініктің шығарма бойында адам жанының не көк кептер, не көк шыбын болып ұшып кетуін жаңа жағдайға бейімдей қолдану. Фольклорлық ұғым да, авторлық ұстаным да бір-бірінен алшақ кетіп тұрған жоқ. Заманалық қазақ өнері өзін стандартқа түсіруді хош көре бермесе де, жазушы қаламы арқылы ұлт арасында кең тараған белгілі бір дағдылы конструктылардың (қаңқанын) оқырман мен туындыгер арасын жалғайтын коммуникатор қызметін атқаратынын жоққа шығаруға болмайды. Бұл ұлт әдебиетіне тән әдеби формулалық арқылы өзін танытады. Бұрынғы кеңестік кезеңдегі формулалық кедейлікті, ұлттық дәстүрді тәрк етуді дағдылы конструктыға айналдырса, енді бұның орнын бағзы дәуірден тамыр тартқан фольклорлық-діни персонаждар мен ұғым-түсініктер басып отыр. Өйткені, әңгіме жанры ұзақ жазылатын хикаят пен роман емес, сондықтан оқырман дүниетанымына жақсы таныс діни-мифологиялық ұғымдарды қаламгер түрлі ракруста бере алған. Бұл формулалық жазушыға өз туындысын бір жағы жылдам жазып шығуға септессе, екінші жағы өз ойын түрлі аспектіде ұғынуы үшін оқырманға ұсынуына мүмкіндік береді.

Қорытынды. Қазақ прозасындағы неомифологизм үрдісінде айрықша бөліп айтуға тұратын тәсілдердің бірі – мифтік құбылтушылық. Адамзаттың балаң санасы тудырған архаикалық мифтердегі адамның басқа заттардың кейпіне ене алуытұрасындағы сенімдері кейінгі жылдар прозасында жаңа стилизацияға түсті. Думан Рамазан кейіпкерінің де құс кейпіне енуі осыны аңғартады. Адам мен табиғат, адам мен жануарларды тұтастандыра қарайтын сарынның жаңа уақыт өңдеуіне, интеллектуалдық сүзгіге түсуі қазақ әдебиетінде анималистикалық прозаның өрістеуіне де мұрындық болды. Қазақ әдебиетінде хайуанаттарға адами сипаттар берудің өткір философиялық-эстетикалық астарлары болды. Мифологизмнен тамыр тартатын анималистік образдар адамның болмыспен қарым-қатынасын тереңдей зерделеудің ұтымды тәсіліне айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қанарбаева Б. Қазақ әдебиетіндегі модернизм: Арнаулы курсқа бағытталған көмекші құрал. Алматы: «Экономика», 2010. – 330 бет.
- 2 Исмакова А.С. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность). – Алматы: Ғылым, 1998. – 394б.
- 3 Аймұхамбетова Ж.Ә. Оралхан Бөкей прозасындағы мифологизм мәселесі. Филол.ғыл.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссер.-я. Астана, 1999. – 126 б.
- 4 Будур Н., Панкеев И. К читателю //Мифы и легенды народов мира – М: Олма-Пресс, 2000.
- 5 Жақсылықов А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в казахской литературе. Типология. Эстетика. Генезис. – Алматы: «Қазақ университеті», 1999. – 520 с.
- 6 Кеңшілікұлы А. Қазақты сүю. – Алматы: «Өнер». – 2008. 232б.

References:

- 1 Qanarbaeva B. Qazaq ädebietindegi modernizm: Arnauuly kursqa bağyttalğan kömekşı qūral. Almaty: «Ekonomika», 2010. – 330 bet.
- 2 İsmakova A.S. Kazahskaia hudojestvennaia proza. Poetika, janr, stil (nachalo HH veka i sovremenöst). – Almaty: Ğylym, 1998. – 394b.

- 3 Aimūhambetova J.Ä. Oralhan Bökei prozasындағы мифологизм мәселесі. Filol.ғыл.kand. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисер.-ia. Astana, 1999. – 126 b.
- 4 Budur N., Pankeev İ. K chitatelü //Mify i legendy narodov mira – M: Olma-Pres, 2000.
- 5 Jaqsylyqov A. Obrazy, motivy i idey s religioznoi soderzhatelnöstü v kazahskoi literature. Tipologia. Estetika. Genezis. – Almaty: «Qazaq universiteti», 1999. – 520 s.
- 6 Keñsiliküly A. Qazaqty süiu. – Almaty: «Öner». – 2008. 232b

МРНТИ 17.17.01

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.63>

Сарбасов Б.С.,¹ Кдыралиева Ж. Б.²

*^{1,2} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

ЕЖЕЛГІ ӘДЕБИ МҰРАЛАРДАҒЫ АҒАШ БЕЙНЕСІ

Аңдатпа

Ғылыми мақалада ежелгі дәуір әдеби мұралардағы ағаш бейнесі туралы айтылады. Ежелгі дәуір әдебиеті мұралары туралы айтқанда, ең алдымен туындылардың тек қазақ халқына ғана емес, өзге де түркі тектес халықтардың әдебиетімен ортақ екендігін, ежелгі түркі тілінде жазылғандығы, ғылыми тұрғыдан қай халықтың әдебиеті бүгінгі күнгі тілдегі ұлт тілімен жазылуы шарт еместігін ескеруіміз керек. Осындай ортақ мұралардың бірі мақаламызға арқау болған аңыз-ертегілердің символына айналған мықан ағашының нысаналық белгісін айтуға болады. Алып ағаш жайлы көптеген аңыз-әңгімелер, тамырын тереңге жайған түркі тектес ұлттардың түп ата-тегінің бейнесін көрсеткен ағаш жайлы «Алып терегім құлады»- деген сөз бар. Бұл сөз өте ертеде өзіндік мағынасымен құнды, аңыз ертегілерімен де іспеттес жалғасын тауып, бүгінгі күнге дейін киелі ағаш ретінде тарихтан өз орнын тапқанды жайында мақалада жан-жақты сұрыпталып, нақты мысалдармен дәйектелді.

Түйін сөздер: алып ағаш, бәйтерек, аңыз-әңгімелер, құндылықтар, шежіре. т.б.

Sarbasov B.,¹ Kdralieva Z.²

*^{1,2} Kazakh National Women's Teacher Training University,
Almaty, Kazakhstan*

THE IMAGE OF A TREE IN ANCIENT LITERARY HERITAGE

Abstract

The scientific article deals with the image of a tree in the literary heritage of ancient times. Speaking of the heritage of ancient literature, we must first take into account that the works are common not only to the Kazakh people, but also to the literature of other peoples of Turkic origin, written in the ancient Turkic language. One of such common heritages is the target symbol of the mykan tree, which has become a symbol of the legends on which our article is based. There are many legends about the giant tree, the saying "My giant tree has fallen" about the tree, which reflects the roots of the deep-rooted Turkic peoples. This word has a long history of its own meaning, as well as legends, and to this day it has found its place in history as a sacred tree, which is described in detail in the article with specific examples.

Keywords: giant tree, Baiterek, legends, values, genealogy

Сарбасов Б. С.,¹ Кдыралиева Ж. Б.²

*^{1,2} Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан*